

БЕКІТІЛДІ:

«Алматы» МҚҰ» ЖШС қатысушыларының

Жалпы жиналысының шешімімен

(31.07.2026 ж. № 8 хаттама)

31.07.2026 ж. Ішкі кредиттік саясатқа

№ 4 қосымша

Микрокредиттер бойынша тарифтер алынбайды.



3) «Әлеуметтік кәсіпкерлік» кепілсіз микрокредиті

Нысаналы топ	Жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілері (дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар) Алматы қаласы, әлеуметтік кәсіпкерлер тізіліміне енгізілген, кәсіпкерлік қызметті тіркеу мерзімі кемінде 6 ай.
Кредиттің мақсаты	• Инвестициялар (негізгі құралдарды сатып алу және жөндеу); • Айналым қаражатын толықтыру;
Несиелендіру лимиті	• Инвестициялардың мақсаттары үшін - 1 300 АЕК теңгеге дейін (несиелік тарихы бар клиенттер үшін). • Айналым қаражатын толықтыру мақсатында - 500 АЕК теңгеге дейін (несие тарихы бар клиенттер үшін). • Несиелік тарихы жоқ клиенттер үшін - 230 АЕК-ке дейін - инвестициялар мен айналым капиталын толықтыру мақсатында.
Сыйақы мөлшерлемесі	жылдық 6 %
Кредиттеу мерзімі	60 айға дейін
Жеңілдікті кезең	• Қарастырылмаған. • Негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу бойынша жеңілдікті кезеңді тек проблемалық берешекті реттеу жөніндегі жұмыстар шеңберінде және/немесе Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қаулыларына сәйкес ұсынуға жол беріледі.
Негізгі борышты өтеу шарттары	• Аннуитет; • Тең үлестермен;
Қаржыландыру нысаны	Микрокредит беру туралы шарт;
Қамтамасыз ету	Қамтамасыз етусіз.
Кепілсіз микрокредиттер бойынша қосымша шарттар:	
Кредиттік процесс бойынша	Кредиттік процестің келесі кезеңдерін жүргізу талап етілмейді: 1. Тәуелсіз бағалау компаниясы қамтамасыз ететін заттың құнын бағалау; 2. Жобаның экономикалық сараптамасы; 3. Кепілмен қамтамасыз етудің сараптамасы; 4. Жобаның заңдық сараптамасы; 5. Кредиттік тәуекелдер бөлімшесінің сараптамасы; 6. Қауіпсіздік қызметінің қорытындысын жасау; 7. Кредиттік менеджердің және/немесе қауіпсіздік қызметі қызметкерінің бизнес жүргізілетін немесе жүргізу жоспарланған орынға баруы жүзеге асырылады. Кредиттік тарихы жоқ клиенттерді қоспағанда. Кредиттік тарихы жоқ клиенттер бойынша объектіге бару міндетті болып табылады. Бұл ретте кредиттік менеджер қаржыландыру мәселесін Кредиттік комитеттің қарауына шығарғанға дейін жобаларды жағымсыз ақпараттың болуы тұрғысынан Қауіпсіздік қызметімен, ал кепілсіз кредиттеу талаптарына сәйкестігі тұрғысынан Тәуекелдерді басқару департаментімен келіседі. Келісу қызметтік жазбаны жолдау және оны кейіннен Қауіпсіздік қызметі мен Тәуекелдерді басқару департаментінің қызметкері визалау арқылы жүзеге асырылады.

Сактандыру	Қарыз алушының өмірін қарыздың барлық мерзіміне сактандыру.
Қарыздың максималды сомасы	Бір қарыз алушыға берілетін несиенің максималды сомасы инвестициялық максаттар үшін 1300 АЕК-тен және айналым капиталын толықтыру максатында 500 АЕК-тен аспайды. Қарыздың максималды сомасын есептеу келесі кезеңдерден тұрады: 1 кезең: - Табыстар бойынша салық декларациялары негізінде клиенттің соңғы 6 айдағы орташа айлық табысы анықталады. 2 кезең: - Сұратылып отырған қарызды өтеуге бағытталуы мүмкін табыс орташа айлық табысқа түзету коэффициентін (0,15) қолдану және одан кейін клиенттің қолданыстағы кредиттері бойынша ай сайынғы төлемдерді шегеру арқылы айқындалады (егер клиент жеке кәсіпкер болса, оның жеке тұлға ретінде алған кредиттері де ескеріледі). Егер клиенттің есеп айырысу шоты бойынша түсімдердің жиілігін бағалау нәтижесінде талданатын кезеңнің үштен бірінен астам уақытында ай сайынғы түсімдердің болмағаны анықталса (алты айдың екеуі немесе он екі айдың төртеуі), онда орташа айлық табысқа түзету коэффициенті (0,10) қолданылады. 3-кезең: - Екінші кезеңде алынған кіріс сұралған несие мерзіміне көбейтіледі (айлармен).
Стоп-факторлар	№5 қосымшада көзделген кепілсіз қарыздар бойынша стоп-факторлардың ішінен мынадай сөзсіз (міндетті) стоп-факторлар қолданылады: - Соңғы 2 жыл ішінде кредит бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешектің болуы. - Соңғы 3 ай ішінде кредит бойынша 30 күннен астам мерзімі өткен берешектің болуы. - Кредит бойынша ағымдағы мерзімі өткен берешектің 15 күннен астам болуы. - Соңғы 2 жыл ішінде міндеттемелердің орындалмауына байланысты талап ету құқығы коллекторлық агенттікке (немесе өзге ұйымға) берілген кредиттің болуы. - Соңғы 15 күн ішінде екінші деңгейдегі банктерге (ЕДБ) жүгіну санының 5 реттен артық болуы. - Клиенттің скорингтік модель бойынша скорингтік балының микроқаржы ұйымының Басқармасы бекіткен ең төменгі талап етілетін мәннен төмен болуы (кредиттік тарихы бар өтініш берушілерге қолданылады). - Кредит алуға өтінім берілген немесе қаралған күнгі жағдай бойынша салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешектің болуы.
Өзге шарттар	Алматы қаласындағы экономикалық, әлеуметтік немесе эпидемиологиялық ахуалға әсер ететін мән-жайлар туындаған жағдайда, қала басшылығының тапсырмасы бойынша белгіленген лимиттерден асатын мөлшерде, жылдық сыйақы мөлшерлемесі 2%-дан аспайтын кредиттер беру мүмкін (жеке қаржы өнімі карточкасымен бекітіледі). Осы құрал шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлерге берілетін қарыздарға Бағдарламаның №1 қосымшасында көрсетілген қызмет бағыттары бойынша шектеулер қолданылмайды.

Ескертпе:

- Кепілсіз микрокредиттер бойынша берешек сомасы «Almaty» МҚҰ-ның жалпы кредиттік портфелінің 30%-ынан аспауға тиіс (лимит негізгі борыш бойынша берешектің қалдығы негізінде есептеледі).